



**Асылхан Шыңғысұлы
Әшімханов
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

011
A 89

A 89 Асылхан Шыңғысұлы Әшімханов. Ардагер металлург: библиографиялық жадынама /Теміртау орталық кітапханасы: құраст. К.Жанашева. - Теміртау. - 2024. – 12 б. - **(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**.

Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі

**Асылхан Шыңғысұлы
Әшімханов**

**Ардагер металлург
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)
библиографиялық жадынама**

Теміртау, 2024

ОҚЫРМАНҒА

«Данышпандар халықтың сұранысымен тумаЙды, уақыттың сұранысымен туады» дейтін бір қанатты сөз бар. Өткен ғасырдың орта шенінде Қазақстан Магниткасын тік тұрғызған ылғи бір нар тұлғалы азаматтардың салықалы қатарын көре жүріп адамның уақыт перзенті екеніндігіне тағы бір көз жеткіземіз.

Ақпараттық-библиография бөлімі майталман тұлғалардың ерен еңбек пен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа насихаттай отырып, **«Еңбекпен шыңдалған тұлғалар»** топтамасымен библиографиялық жадынама әзірледі.

Жадынаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі материалдар мерзімдік басылымдардан алынды.

Тізім қалың оқырман жұртшылыққа арналған.

Теміртау-тектілерге тұғыр болған киелі мекен. Арамызда тағдыры құрыш қаламен біте қайнасып, бүгінде соның бір бөлшегі болып кеткен ардақты тұлғаларымыз қаншама...

Біздің кейіпкеріміз, қырық жылдан аса еңбек жолын Қарағанды металлургия комбинатының қабырғасы қатып, бұғанасы бекуіне жұмсаған еңбек ардагері Асылхан Әшімханов. 1965 жылы Кентау қаласына таяу жердегі Ащысай кентінде орта мектепті бітірген бозбала жігіт еңбек жолын ауылда



құрылысшылықтан бастайды, алдымен бетоншы, одан кейін ағаш шеберіне маманданды. Дегенмен үнемі ізденісті қалайтын ол күрделі техниканы игеруді армандады. Сөйтіп, Сәтбаев қаласында тау-кен техникумын тәмамдап, өзінің туған жеріндегі бояулар шығаратын заводта бірер жыл электрик болып жұмыс істеді. Сол тұс Қазақстан Магниткасының бүкілодақтық екпінді құрылыс ретінде жарияланып жан-жақтан жастар ағылып жатқан кез еді. Газеттер мен радио хабарлары сағат сайын Теміртауға келіп құрылысшы, металлург болып еңбек етуге шақырып жатты. Замана үніне Асылханның да көңілі ауды. Сөйтіп ол өзі тұратын аудандық комсомол комитетінің № 2-ші жолдамасын иемденді. Электрик мамандығы бар жасты арқадағы алып құрылыс қошеметпен қарсы алды, келе ТЭЦ-ПВС кәсіпорнына электромонтер болып қабылданды. Жаратылысында белсенді, жұмыс десе жанып тұрған жас іскерлігін де, тиянақтылығын да көрсете білді. Сөйтіп бір жыл өткенде аға электромонтер міндеті жүктелді. Оның алғашқы мамандығы жер асты шахталарындағы электр жабдықтарын жөндеу болатын, ал ТЭЦ-тің атқаратын міндеті де, технологиясы

да өзгеше, сондықтан өз ісін жете меңгеруді мақсат етіп қойған ол енді Теміртаудағы химия-механика техникумының электр жабдықтарын жөндеу факультетін өндірістен қол үзбей, кешке оқып бітірді. Сол жылы тағы да қызметі өсіп ауысым бастығы болып тағайындалды. Енді лауазымдық жүгі де ауырлады, бір өзі үшін емес, қасындағы әріптестері үшін жауап беретін болды. Бүкіл өндірістің, жалпы қаланың тынымсыз тіршілігі тоқтамай жалғасуы үшін жылу да, қуат та қажет, ал оның кідіріссіз жұмыс істеуі электр жабдықтарын, мыңдаған тарам-тарам жуанды-жіңішкелі сымдарды дұрыс іске қосуға байланысты. Ол өз мамандығын



кейде адамның ағзасындағы ақауды дәл тауып орын орнымен қан жүгіртетін дәрігермен бір сапқа қояды. Өз ісіне мығым, әрі тиянақты жігіт өндіріс озаты болып жастарға ұстаздық ететін деңгейге де жетті. Бірақ ойламаған жерден түнгі ауысым кезінде болған оқыс оқиғадан жарақат алып, денсаулығы кеміді.

- Бірде қазандықтан шығатын үлкен турбинадан бу парлады, бұл задвижканың ақауы екені түсінікті еді, дереу айырбастауға кірістік. Апаттың салдарынан жарық та сөніп қалған еді, аяғым тайып кетіп 8 метр биіктіктен төмен қарай құлап түстім. «Жедел жәрдем» шақырылып, есімді 3 күннен кейін ауруханада жинадым, 3 ай емделіп, кейін тағы 2 ай демалыста болып жап-жақсы жазылып кеткен едім, қайтадан еңбекке оралдым, дегенмен сол жарақат арада үш жыл өткенде өзінің зардабын көрсете бастады, - дейді ардагер ағамыз. Денсаулығына байланысты жеңіл жұмысқа ауыстырылып «Самал» шипажайында, спорт мекемелерінде аға электро-механик болып еңбек еткен. Үлкен өндіріске деген сағынышына ерік беріп гидроавтоматика учаскесіне қайта оралған уақыты да болыпты. Жалпы комбинат жүйесінде ширек ғасырдан астам еңбек етіп денсаулығына байланысты мүгедектікпен зейнетке шыққан. Жаратылысында, өмірлік ұстанымы белсенді азамат зейнетте де қарап отырған емес, ол өзі сияқты комбинаттың әртүрлі өндірістік буындарында жұмыс барысында денсаулығына зиян келген азаматтардың мүддесін қорғап, қоғамдық ұйым құрыпты. А. Әшімхановтың комбинатта еңбек ете жүріп түрлі себептермен мүгедек болған жандардың мүддесі үшін қақпаған есігі кемде-кем. Қарағанды металлургия комбинаты болып тұрған кезде еңбек барысында жарақат алып денсаулықтарына зияны тиген азаматтардың құқығын қорғап жүрген Асылхан өзі де мүгедек екенін айттық, бірақ осы жұмысты қоғамдық негізде ешкімнен қосалқы жалақы, не болмаса кәде-сый талап етпей, өз еркімен азаматтық парызы ретінде орындап келеді. «Адам - уақыттың перзенті» дейді халық даналығы, «зейнеттемін денсаулығым кем» деп қарап отырмай әріптестерінің мұңын, жоғын жоқтап, сөзін сөйлеп жүрген Асылханның осылай етуіне оның арғы жағындағы тектілік, рух биіктігі, ұлтжандылық қасиеттері жетелеп

отыратыны сөзсіз. Ол кісі қазақ халқының өмірінде маңызды орын алған тарихи тұлға Абылайханның немересі Кенесарының жетінші ұрпағы болып келеді. - Тарихта Абылайханның алты әйелінен жиырма баласы болғаны белгілі, ал біз Кенесарының сегіз баласынан тараған ұрпақпыз, шежірені қысқаша баяндасам Абылайханнан Қасым туады, оның үшінші ұлы Кенесары, оның Тайшық деген ұлынан Жүніс, Жүністен - атам Әшімхан, Әшімханнан менің әкем Шыңғысхан туады. Әкем 15 жылдай қолымда болып 79-ға қараған шағында 2001 жылы қайтыс болды. Міне содан бері мен өзімнің түпкі ата-тегімді



Асылхан Әшімханов немересі Қуанышпен

білу, зерттеу ұрпақтарыма ұғындыру мақсатында ізденіп жүрмін. Арғы аталарымызға, әрине тарихтағы белгілі тұлғалар Абылайхан, Кенесарыға байланысты елімізде болып жататын ісшаралардың бәріне қатысып жүремін. Шымкентте Абылайханның мұражайы бар, сонда арнайы барып қылышының қасында тұрып суретке түскен едім, - деп хан ұрпағы бізге сол суретін ұсынды. Бүкіл саналы ғұмырын, еңбек жолын Теміртаумен байланыстырып, оның тарихымен біте

қайнасқан азамат кезінде Елбасымызбен жақсы таныс болғанын, ол кісінің өзіне көп көмегі тигенін де айтып берді. 1971 жылы үйленіп бір балалы болған жас отбасы әрі-бері пәтер жалдап күн көреді. Байқаса өзімен қатар комсомолдық жолдамамен келгендердің біразы үйлі болған. - ТЭЦ-те жастардың ішінде алдыңғылардың бірі болып озық жұмысшы ретінде партия қатарына қабылданған едім, бұған Нұрекеңнің де ықпалы болған, сондықтан сол кезде қаланың екінші хатшысы болып жұмыс істейтін Нұрсұлтан Назарбаевқа бардым, өте жылы қабылдады. Жағдайымды айттым, «әлі де пәтерсіз жүрген жалғыз сен емес, жұмыс деп жүріп кейбір жігіттер кезекке де тұрмаған сияқты, соларды іздестіріп оншақты адамның тізімін жасап алып кел, пәтер міндетті түрде беріледі» деп кеңес берді. Айтқандай мен өзім сияқты пәтерден қағылып жүргендерді тауып, олардың да арыз-шағымдарын қалалық парткомға жеткіздім, сөйтіп кешікпей әлгі тізімдегілердің бәрі үйлі болды. Маған да екі бөлмелі пәтер берілді. Қазіргі Елбасымыздың сол кездегі жас отбасына жасаған қамқорлығы әлі де жүрегімнің түкпірінде жаттаулы. «Жақсыдан - шарапат» дегендей сол Нұрекең берген екі бөлмелі үй кейін 4 бөлмеге ұлғайып, күні бүгінге дейін сонда тұрып жатырмын, - дейді ардагер.

Асылхан Әшімхановтың өмірлік жары Марзия да агрофабрикада техникалық тексеру бөлімінің бақылаушысы болып бір орында еңбек етіп, содан зейнетке шықты. Отбасында үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Қазір бәріде білімді азаматтар, ордалы отбасы иелері. Ұлдары Талғат кәсіпкер, Баяны медицина саласында, Әлия салық басқармасында, ал Ғалиясы жас ұрпаққа білім беру бөлімінде еңбек етеді. Ата-ананың үлгілі тәрбиесін, ұлағатты ғибратын көріп, біліп өскен ұрпағы да соған лайықты өмір кешуде. «Ұрпақ сабақтастығы - адамзаттың алтын көпірі» деген қанатты сөздің растығын осы

Асылхан Әшімхановтың өмірбаянына қарап отырып анық сезінесің. Осындай парасатты пайымы бар ұлтжанды азаматтар барда қазақтың рухы да, намысы да ортаймайтынына сенеміз.

Асылхан Әшімханов туралы:

Әшімханов, А. Бар бақытымыздың бастауы: [Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткен мерекеге қатысушы, ардагер металлург Асылхан Әшімхановпен болған сұхбат./әңгім. С.Алтайбаева] / А. Әшімханов // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2015.- 18 қыркүйек (№35).- 4 б.

Алтайбаева, С. Кенесарының ұрпағы қаламызда тұрады [Мәтін]: [теміртаулық ардагер металлург Асылхан Әшімханов Кенесары ханның бесінші ұрпағы] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2013.- 7 маусым (№23).- 3 б.

Алтайбаева, С. Ұрпақ сабақтастығы адамзаттың алтын көпірі: [Қарағанды металлургия комбинатының ардагері Асылхан Әшімханов туралы] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 22 маусым (№25).- 7 б.

Алтайбаева, С. Ұрпақтары ұмытпайды: [саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу] / С. Алтайбаева // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2015.- 12 маусым (№22).- 7 б.

ОК: Победа көшесі, 12 үй
телефоны: 8(7213) 98-47-60
ОК сайты: www.kulturatem.kz
e-mail: tcsqb@mail.ru